

- 6 Ibraev Sh. (2017) Principles of reflection of time and space in the Kazakh epic // Kazakh epic in the context of the world epic heritage. (In Kazakh).
- 7 Ancient Kazakh epic (2008) .Aruana. (In Kazakh).
- 8 Bayat E. (2020) Contactology: the influence of Turkic civilization on World Culture. - Almaty, kaznu publishing house.
- 9 Song Of Heroes. (1986) Kobylandy batyr. (In Kazakh).

Эпическое сознание и пространство в тюркских, монгольских эпических сказаниях

Ерболат Баят

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Очевидно, что эпическое сознание является не только самым передовым образцом художественного достижения, сформированного на основе эволюции развития эпоса, но и продуктом общественно – общественного сознания более поздних времен. Он также является обновителем эпической традиции, создателем нового содержания и новой формы. В конечном счете, эпическое сознание - это общественно-социальные установки, историко-культурные мотивы, поэтико-художественные символы, оплетенные тематико-идейным содержанием этого эпоса. Эпическое сознание проявляется во времени и пространстве.

Ключевые слова: жанр, миф, поэтика, сюжет, эпос.

Материал поступил в редакцию журнала 10.12.2022

Epic Consciousness and Space in Turkic, Mongolian Epic Tales

Erbolat Bayat

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The epic consciousness is not only the most advanced example of an artistic achievement formed on the basis of epic evolution, it is also a product of the social consciousness of later times. It renovates the epic tradition, the creator of a new content and a new form. Ultimately, epic consciousness is social attitudes, historical and cultural motifs and poetics symbols entwined with the thematic and ideological content of this epic. Epic consciousness manifests itself in time and space.

Key words: genre, myth, poetics, plot, epic.

Received: 10.12.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp31-45

Г.С. Бөкен

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ПСИХОЛОГИЗМ

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұқағали Мақатаевтың прозасы нысанға алынады. Шығармадағы кейіпкерлер болмысы, автордың жеткізбек ойы, жалпы прозадағы психологизм мәселесі, психологизм тақырыбында жазылған ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі теориялық ойлармен астаса қарастырылады. Жалпы қазақ әдебиетінде «әйел болмысы» тақырыбында жазылған шығармалар көп кездеседі. Сондықтан да мақалада «ер адам

психологиясына» қарағанда, «әйел адам психологиясын» боямасыз сипаттай білген жазушының өзіндік жеткізу тәсіліне, әдеби суреттеу шеберлігіне баса назар аударылады. Сонымен қатар автор шығармаларындағы психологизм мәселесі қаламгердің қоғамдық формацияға деген көзқарасы өз кейіпкерлерінің іс-әрекеті негізінде сараланды. Автордың әр кейіпкерлер характері сюжеттік желі арқылы ашылады. Әрі іс-әрекеттері олардың ішкі жандүниесінің арпалысын танытатыны байқалды.

Кілт сөздер: психологизм, кейіпкер, портрет, іс-әрекет, мотив, фрустрация

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мұқағали Мақатаев прозасы жайлы көпшілік қауымның бүгінде хабардар болмауы бізді алаңдатууда. Мұндай сыршыл, мұндай шынайы оқиғалар желісіне құрылған еңбектер архивтерде шаң басылып жатпауы тиіс. Ақынның поэзиялық күшін бәрі де мойындады, онысы жайлы түрлі көзқарастар да, зерттеулер де жүргізілді. Ал прозалары әзірге шетте қалып отыр. Саны емес, сапасының болуы бүгінгі қоғамның талаптарының бірі. Мұқағали Мақатаев прозасы сол сапаға қатысты критерийлерге әдбен толысып-ақ тұр.

Оқырманға бәрінен бұрын әңгіме желісін танып, ой тұңғығына бойлап кетуі маңызды. Кейіпкердің орнына өзін қойып, оны өмірмен байланыстырып, кейіпкер жандүниесін түсінуге тырысып, автор қалдырған детальдарға мән бере отырып өмірден де сол нәрселерді іздеу оқырманға қызық. Мұндай сезімдерді сезу үшін әдебиетте үлкен рөл атқаратын мәселе – психологизм жайы. Сондықтан М.Мақатаев прозасының да ерекше тұсы осы психологизм. Автор адам психологиясына саятын дүниелерді жазады. Сол арқылы өз оқырмандарының назарын өзіне аудартаны анық.

КІРІСПЕ

Көркем шығармадағы психологизм – әдебиет сахнасындағы маңызы жоғары, ғылыми мәні мол, зерттеу ауқымы кең мәселе. Бұл жайлы ғалым Бақытжан Майтанов: «Көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм» [1, 232], – деген тұжырым жасайды. Бұл орайда, әдебиетші Гүлзия Пірәлиева [2, 13] шығармада психологизм автордың кейіпкер жан-дүниесін, іс-әрекетке бастар көңіл-күйінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда талдап жазған кезде ғана өріс алатынын атап өтеді. Яғни психологизм шығарма кейіпкерінің жан-дүниесін бейнелейді әрі болмысын танытатын құрал.

Көркем шығармадағы кейіпкер психологиясының орын алмауы немесе ашылмауы бейне бір тұзы жоқ астың татымсыздығындай. Ол дегеніміз прозаның психологизмсіз өтімділігі жоқ дегенді білдіреді. Жазушы Мұхтар Әуезов нағыз көркем проза жайында: «... психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы [3, 129]», – деген тұжырым жасаған. Прозадағы психологизмнің көркем жеткізілуі шығарманың өз оқырмандарын табуына септігін тигізеді.

Қазақ әдебиетінің сахнасындағы психологизм жайы Б.Майтановтың, Г.Пірәлиеваның, Г.Ержанованың еңбектерінде қарастырылып жүр. Бұл жайттар жайлы ең алғашқылардың бірі болып Ахмет Байтұрсынұлы мен Жүсіпбек Аймауытұлы сөз еткен болатын. Ж.Аймауытұлының «Психология» еңбегі жарық көрсе, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» психологизм жайы айтылып өтілген.

Мұқағали Мақатаев прозасында психологизмді шебер жеткізілген. Автордың кейіпкерлер болмысын сипаттауы, олардың істері мен сол әрекетке себепші болған мотивтері, көңіл-күйі, сезім иірімдері, ойлары мен тұжырымдары, дүниетанымдарының суреттелуі ерекше.

Психологизм, сөз жоқ, реализмге апарар сүрлеу екені мәлім [4,9]. «Реализмді» шындықтың бастауы деп, ал «психологизмді» адам өмірі мен іс-әрекетін түсіндіруші ұғым ретінде түсінсек, екеуінің арасында қылдай көпірдің болмайтындығын, екеуінің бір тұтас

екендігін байқаймыз. «Психологизм де реализм сияқты көзбен көріп, қолмен ұстайтын нәрсе емес [16, 9]». Оны сезіне, ұғына, түсіне білу керек, ол үшін оқырманның қырағылығы, адамдық сезімі, парасаттылығы мен руханилығы қажет.

Психологизмнің арнасы прозамен шектелмейді. Ол поэзияда да жарқын көрініс тапқан. Мұқағалидің поэзиясындағы психологизм жайы, ондағы психологиялық иірімдер зерттеліп-ақ жүр. Ал прозасындағы психологизмнің орын алуы әзірге солғындау болып тұр.

Мұқағали прозасы адам өміріндегі шындықты тайға таңба басқандай, еш боямасыз көрсетеді. Мұқағали прозасындағы психологизм жайын толық ашу үшін әрбір детальға мән беріп, автордың айтпақ ойын, оқырманның түйетін ойларын барынша қарастырамыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мұқағали прозасындағы қысқа әңгімесінің бірі – Құлпытас әңгімесі. Әңгіме автордың жан толғанысын, ішкі күйінішін суреттейді. Ақын өмірінен құлағдар оқырман оның өмірінің оңай өтпегендігін білетін болар. Ақын өміріндегі басты трагедияның бірі – оның қызынан айырылуы. Бұл әңгіме автор өмірінің бөлшегінен алынған. Жалпы «Құлпытас» әңгімесі автордың көзі тірісінде жарық көрмеген. Оның да бір ішкі себебі бар. Жалпы оқиға желісі тоғызыншы сыныпты қалада оқып жүрген баланың өткен естеліктерде есіне түсіруінен басталады. Автордың бұл тұстан өткенін жиі еске түсіретіндігін, оны әлі де болса жібере алмай жүргендігін айқын көруге болады. Егер, аргумент келтір десеңіз: автор өткенін ойламаса әңгімені қазіргі шақпен жазар еді. Трамвайда келе жатқан оқушы әкесінің қалаға көшіргеніне сәл налиды, ауылын сағынады. Ауылына деген сағынышы мектептегі ағайы Смағұлды есіне салады. Ол кісі не істеп жүр екен деген сауал түседі ойына. Кезіндегі сол ағайының әділетті жолмен ғана жүргісі келіп, біраз жоғарыдағылардан ұрыс естіген оқиғасын ойлайды. Сол ойды келтіре отырып ауыл тынысын бейнелейді. Ауыл балаларының каникулға шықса бітті колхоздың картошкасын теруге баратыны, ондағы қызықтар суреттеледі. Бейне бір сол заманға тап болғандай боласың.

Шығармадағы Смағұл ағай өз оқушыларын бір-екі сағат жұмыс істетіп, жұмысын тәмамдап болған соң ауылға қайтатын кезінде деректордың оған ұрсып беретіндігі биліктің күшін көрсетеді. Әңгімедегі мына бір сөздер: «Деректір ағай ат үсітінде, Смағұл ағай жерде қалып қоятын [5]». Мұндағы таптық көрініс, яки үстемдік бейнесін көрсетіп тұрғандай. Жоғарғы мен төменгінің ара-жігін айқындайтындай. Осы бір оқушыларын қозғап, жұмыс аяқталса кетіп қалғаны үшін сөгіс естіп, жұмысынан да ауысып кеткен жоқ па? Оқырманның да, әңгімедегі балалардың да ойында жағымды әсер қалдырған сөздер Смағұл ағайдың оқушыларына өз баласындай қарауы. Оны «балаларым, балаларымдай, боталарым, көкелерім» деген сынды сөздерінен аңғаруға болады. Ал Смағұлдың оқушыларының «Деректір ұрысты ма сізге, неге көңілсізсіз? [5, 8]» деген сұрақтарына «Өсесіндер – білесіндер, сабақтарыңды жақсы оқысаңдар, еңбек ешқайда қашпайды, естерінде болсын [17]», – деп қысқа ғана қайыруының да астарында үлкен мән жатыр. Бұл – оқырман психологиясына жай сөзбен үлкен ой тастау. Білімнің маңызы, оның бірінші орында тұратындығын айтып отыр. Оқысаң кейін жұмыс жасап та үлгересіңдер. Ең бастысы – білім. Ұрыстан кейін ағайының қайда жүргенін ойлаған ойшыл, аты белгісіз кейіпкердің ойы басқа арнаға бұрылып кетеді. Неге екені кейіпкерге де, оқырманға да белгісіз оның ойына сап етіп сыныптасы Торғын түсе қалады. Сол бір тұйық, ешкіммен араласпайтын бала неге ғана есіне орала қалды десейші. Оның мәні оқиға соңында ашылады.

Торғын кейіпкер ойында тым томаға тұйық, бір адаммен достаспайтын, ешкімге қосылмайтын, дөрекі, күші мығым жан ретінде көрініс табады. Ал автор оны басқа қырынан көрсетуге тырысады. Автор оның «ақылына» баса назар аудартқысы келеді. Смағұл ағайдың Торғынды Ақыл деп атауы да осыған дәлел. Сол бір томырық қара баланың кейіпкер есінен кетпеуі оның ойын Смағұл ағайдың қызы Зияшқа ауыстырып жібереді. Зияштардың ауылдан қалаға көшіп кетер сәті есіне түседі. Зияштың әжесінің абысын-ажындарымен сонша ұзақ, жасқа толы көздерімен қоштасуы үлкен кісінің психологиясын көрсетеді. Әдетте қазақ

жадында сақталған «әже» кейіпі туыс-туған, дос-жарандардың ортасында дүниеден озуды көздейтін, үлкен өзгерестерді жаны онша сүймейтін, бірақ бала-шағасынан еш жыраққа кете алмайтын жандай көрінеді. Бұл да бір шындық болар. Ал Зияш ше? Ол да кетерінде бір көңілсіз күймен, мұңмен кеткен жоқ па. Бәлкім бұл жаңа, үлкен ортаға сіңісуін алаңдайтын бала жады болар. Ауылынан кетерде Зияш ауылын да, Ақылды да біраз ойлап, көзіне жас алып еді. Неге дәл Ақылдың қоштасқанын күтті ол? Тұйық баланың ақылы кішкентай кейіпкерімізді өзіне баураса керек.

Қаланың өмірі тым қатігез көрініп еді Зияш үшін. Оның сол бір кездегі трамвайдағы қарт кісіге кондуктордың ақшасы болмағандықтан зекіп, трамвайдан түсіріп жіберуі, оны көрген үлкен кісілердің ешқайсысының араша түспеуі Зияшты қынжылтады. Оның үстіне отбасында да қолайсыз жайттар орын алып жүр еді... Ауылдан қалаға көшіп, біреудің есік алдына қаратып қойғаны үшін анасы да, Зияш та әкесін кінәлайды. Неге тыныш жатқан, жайма шуақ ауылдан көшіріп әкелді деп қиналады. Қалаға көшкелі Смағұлдың да әйелінің тез ашуланатын мінезі пайда бола бастады. Бұл әрине «әйел психологиясының» көрінісі. Әйел заты қашан да отбасының жағдайын бірінші орынға қойып, бір оқыс дүниелер болса тез уайымдап, содан салы суға кетіп, ішкі күйігін кімнен аларын білмей жүреді емес пе. Кәмшат бар ашуын күйеуінен алады. Себебі, сол емес пе қалаға көшіріп әкелген. Ал бұл ұрыстың ортасында қарт әже қалып қояды. Баласын да, келінін де түсінуге тырысатын әженің шақшадай басы шарадай болады.

Сонымен, Смағұлдың қалаға көшуіне не себеп? Директордың ұрысы ма? Бірақ, ол неге қалаға аударып жібереді? Жо-жоқ оның көшуіндегі себеп мүлдем басқа еді. Автор оқырманның ойын бастапқыда сол бір ұрысқа тақап әкеледі. Бірақ, Смағұл қалаға арман қуып келді емес пе. Кітабы да жоқ, аты да белгісіз жазушы. Олардың қаладағы өмірін қиындатып жіберген де осы нәрсе еді. Бұл тұста автор кейіпкердің мотивінің фрустрацияға ұшырағанын көрсетеді.

Мотив – (лат. Moveo – қозғаушы, итермелеуші) – адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын ішкі субъективті себеп, оның қажеттіліктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет [6]. Фрустрация – (лат. Frustratio – алдау, сәтсіздік, ақталмаған үміт) – алға қойған мақсаттарына жете алмаған, жоспарлары күл-талқан болып күйреген адам басынан өткеретін уайым, үрей билеген психологиялық жай-күй [7]. Кейіпкердің қалаға көшудегі мотиві – жазушы болу туралы арманы болса, сол мотивтің фрустрацияға ұшырауы – нәтиженің жоқтығы, қиыншылық көруі, арманның арман болып қалуы. Смағұлдың таңға дейін көз ілмей жазғанының еш нәтижесі болмады. Нәтиженің болмауы тек оның өзіне ғана емес, бүтін бір әулетіне зауалын тигізді. Бәлкім автор мұндай нәтижесі жоқ арман арқылы өз өкінішін көрсеткісі келген болар. Себебі, кезінде Мұқағали да анасы мен жары Лашынды алып қалаға кетпеп пе еді. Қызының өлімінен кейін автордың мансабы да жүдеу күйге түсіп еді.

Зияш әкесіне «Неге ауылдан көшірдің, ауыл жақсы еді ғой» деп айтуға қанша оқталса да бата алмады. Оған себеп, бірде әкесінің бір жазғандарынан «Әзірге бұл дүниеде мені түсінетін бір-ақ жан бар, ол – менің қызым Зияшым [8]» – деген сөздерді оқып қалғаны еді. Сол бір сөздер бала жадында сақталып қалды. Сөйтіп, өз сөзін әкесіне айта алмай кетті.

Осы ойларды ойлаған түннің ертеңіне Зияш оқуға кешірек тұрып, үлгере алмай асығып еді. Мұндай көріністің орын алуы алда бір шиеленістің болатынына меңзейді. Ары қарайғы күн райының суреттелуінен де бір жамандықтың нышанын сезінесің. «Күн бұлыңғыр, көше көңілсіз екен. Сап-сары жапырақтар түндегі жауған жаңбыр суымен шыланып, батпаққа батып жатыр. Көше жасауынан айрылған үйдей жап-жалаңаш, құлазып тұр [5]». Күздің мұндай бейнесі оқырманға мұңлы ой салады. Автордың «күз бейнесін» дәл осылай суреттеуі де алдағы оқиғаның болжамын жасауға ықпалын тигізеді. Егер автор тұрғысынан бұл оқиға жақсы жаққа қарай бет алса ол «көктемді» суреттер еді, тым болмаса күздің жайма шуақ күнін қолданар еді. Осы сәтте трамвайға асыққан Зияшты қандай күштің қалпақтай ұшырғаны белгісіз, әйтеуір есі кіресілі-шығасылы бір сәтте ол «Әй, папа-ай! Ауылдан неге әкелдің? Ауыл жақсы еді ғой», - деп айтқысы келді, бірақ табан астында ол ойынан да

адасып, сәл жымылып, белгісіз басқа бір дүниенің түбі жоқ тұңғиығына рахаттана батып бара жатты [5]. Міні осылайша бүлдіршін ойы жарыққа шықпай, іштей тұнды, осылайша кішкентай өмір қиылды. Жоғарыда бұл әңгіменің автор өмірінен алынғанын атап өттік. Бірақ, бұл автордың шынайы өмірдегі оқиғаны қаз қеалпында жазды дегенге саймайды. Өзертүлер әрине бар... Зияштың айтар ойы автордың қиялындағы немесе қызының өлімінен кейінгі ойындағы ойлар болар.

Ендігі бір тұста автор «Трамвай өмір аялдамада бірер минут тоқтады да, қоңырауын сылдыратып алға қарай жылжи берді. Күздің суық желі тырбиған үйеңкі ағашының бір тал кураған жапырағын жұлып алып, көңілсіз көшемен қуалай жөнелді [5]», – дейді. Мұнымен автор өмірдің бір орында тұрмайтынын, өлгеннің артынан өлмек жоқтығын, адамдар өмір сүруін жалғастыра беретінін айтқысы келген болар.

Тіршілік пен қымқуат уақыт нені де болсын ұмыттырады емес пе. «Уақыт – емші» деген сөз содан қалған болар. Кішкентай Зияштың өлімі олардың арасындағы ынтымақты, сыйластықты оятып, жақындата түсіргендей. Бірақ, ата-анасы үшін балаларының өлімі тым ауыр тиді, олар өлімнен бұрын бес-алты жыл бұрын өткен оқиғаның нәтижесінде қайтыс болған қыздарына «құлпытас» орната алмағандарынан ұялды. Өлім, шіркін, ешкімді де аямайды. Жассың ба, кәрсің бе, артыңда бала-шағаң, арман-мұратың қалды ма ештеңеге де қарамайды. Ойлы оқырман осыны түсінер. Өмірлерінің бір-ақ сәттік екендігін түсінер. Ой түйер... Енді талдау басындағы Ақыл атты жігітке тоқталайық. Әңгіме соңында сол кездегі тұйық бала Зияштың үйіне келіп әжесіне кітап тастап кетеді. Зияштың үйдегілері сол баладан бір нәрсе шығатынын біліп едік деседі. Сол бір кітаптың алғашқы бетінің жоғарғы тұсына: «Зияш сенің кішкентай қабіріңе үлкен құлпытасты кейін орнатам, әзірге осыған риза бол [5]», – депті. Міне азамат. Бәлкім Ақылды Зияштың ауылымен қоштасарда ойлауы, ал баяндаушы кейіпкердің есінен сол бір сәтте есінен кетпеуі осы бір баланың ерекше екендігін көрсеткен болар.

Автор өмірімен байланыс тапқан бұл әңгіменің бастапқыда жарық көрмегенін айтып едік. Ондағы Мұқағалидің мақсаты жары Лашынның жүрегіндегі жарасының бетін тырмаламау еді. Егер бұл оқиға сол бір жазылған мезетінде жарық көрсе бүтін бір отбасының қайғысы қайта еске түсіп, мазаларын алар еді... Бұл әңгімедігі психологизм мәселесі өмір мен өлімнің арасында орын алды. Ауылдың адам үшін ыстық екендігі, ондағы өмірдің қарапайым болса да, қуанышқа толы екендігі, қала өмірінің кейде тынышты алатындығы, өмірдің бір орында тұрмайтындығы, өлімнің кез келген сәтте орын алатындығын баян етілді. Әңгімеде түбегейлі жаман кейіпкер бар деп айтуға келмейді. Бәрі әйтеуір тіршілігін көрушілер... Сөйтіп, автор үшін «Құлпытастың» оқиғасы құлыптаулы қалып кетті.

НӘТИЖЕЛЕР

Мұқағали Мақатаевтың реалист прозашы екендігінің тағы бір айқын дәлелі «Қос қарлығаш» повестінің желісі. Жалпы оның кез келген прозасын оқыр болсаңыз ол жерден өмірлік шындықты көресіз. Мұқағали асыра сілтеп жазбайды. Өмірден қалай елестетсе солай жазады. «Қос қарлығаш» повесті күнделікті күйбең тірлікте жиі кездесіп жататын тіршілікті бейнелейді. Мұнда да басты кейіпкердің есімі – Зияш. Онда бір мән бар деп түсіндім. Жалпы бұл есімнің түп төркіні – Зиягүл. Тек еркелетіп Зияш деп атаған. **Мағынасы – гүлдей жайнаған, құлпырған** [9]. Бәлкім автор мұнысымен өз кейіпкерлерінің қандай тұлғада, қандай өмірде күн көрсе де олардың құлпырып тұратындығын айтқысы келген болар. «Құлпытас» әңгімесіндегі Зияш бала кейіптегі құлпырған жан еді. Оның өмірі сол бір гүлдеп келе жатқан кезінде солды. Бірақ ортасының жадында ол сол бір гүлдей құлпырған, нәзік кішкене қыздың кейіпінде қалды. Ал бұл повесттегі Зияш қандай? Автор дәл осы есімді таңдай отырып, оны қалай суреттейді? Оның өмірінің бұл есіммен қандай байланысы бар?

Жалпы повесть ене мен келіннің бір-бірінен бірінің күйеуінің, бірінің баласының келініне жасаған опасыздығын жасырып әлек болуынан басталды. Опасыздық жасап жүрген

жанның есімі – Манас. Аз ғана санаулы ауылдың адамдарының ортасында қауесет деген тұрушы ма еді. Бәрі таныс, бәрі туыс. Осындайда бәрінің ақылсынып қалатыны бар емес пе... Автордың мұндай сөздерге тиіп айтуы ауыл адамдарының, әсіресе сонау шақтағы жандардың аузында сөз тұрмайтын, өсек-аяңға тез елігіп кететіндігін көрсетеді. Ауылдың бәрінің аузындағы «Манас үйленіп алыпты, баласы бар дейді әуелі [10, 21]» деген сөздері екі жанның да жүректеріне ауыр тиді. Екеуінің де қорқатыны: көрген жандардың көздеріне шұқып айтары болды. Бұл дүниеден қанша қашып амалдағылары келгенімен күндес қашан да күндестігін жасап қалады емес пе? Әрине, мұндай айыпты сөздер кімге де болса ауыр тиері анық.

Сондай бір ауыр сөздердің бірі Жамаш әжейдің абысыны – Жүзімайдан тиді. Жүзімайды Жамаш әжей «ата жауым» деп есептейтін. Шынында да, бұл кейіпкердің болмысы нашар. Әйтеуір тисерге сөз таппай жүреді үнемі. Бұл жолы Жүзімайдың айтар сөзі Жамаш әжейдің немересі Мәлікке тиіп еді. «Ит не жесе соны құсады демекші, әкесіне айнымай тартуын қарашы [10]», - деп, аузына келгенді көкіді. Жүзімайдың кейіпкер ретіндегі болмысы оның Жамаш әжеймен диалогы арқылы жеткізілген:

...Жүзімай Жамаштың арқасына жабысып, қыңқылдап тұрған кішкене Мәлікке тағы тиісті:

— Ырбима, ей әрі! Тоғыз боп кетсең де... Баланы өстіп те өсіреді екен, арқадан түсірмей, — деп тағы қойды.

— *Әкем-ау, Жүзімай-ау, сенің нең кетті? — деп, Жамаш әжей Мәлікті алдына алды. — Күнім менің! Мен мұның бір еркелігін көтермесем, несіне тірі жүрем, бұдан басқа менің кімім бар?*

— Жатырыңды жарып шыққан өз ұлың жақсылық көрсетіп, енді осы қалып еді, — деп, Жүзімай бір шанышып алды.

— *Осы сенің менде не ақың бар, Жүзімай? Енді қартайған шағымызда екеуміздің шыпылдасып жатқанымыз ұят болады, қой енді, шалуытай берме. Құдайға шүкір. Ұлымнан еш жамандық көргенім жоқ әлі, — деді Жамаш.*

— Ондай ұл туғаннан осылай құбас өткенімнің өзі артық. Шешесін күң етіп, біреудің қолына қаратып, қашып кеткен неменді де ұлым деп жүрсің бе?! — деп, етек-жеңін сілкіп Жүзімай орнынан тұрды.

— *Тіліңді тартыңқырап сөйле, Жүзімай! Күңі несі? Қашып кеткені несі? — деп Жамаш аңырып қалды.*

— Иә, зәндемі! Білмей-ақ қалғаның! Тоқанның қызы болмаса, өлетін бе едің? Келін мен балаңа неге кетпейсің?

— *Мынаны бірдеме соққан болар, жұртым! Келінің не, ей?*

— Балаңның ақылы өспей, асты өскенін енді біліп жүрсің бе? Балаң қалада екінші қатын алыпты, тағы да бір немерең күтіп отыр, ал ендеше! Естийін дегенің осы ма еді, — дегенде, Жамаш әжейдің төбесінен жай түскендей болған [10, 25].

Бұл диалог екі жанның да болмысын суреттейді. Жамаш әжейдің табиғатынан момын, көп дауға араласа қоймайтын жан екендігі көрініп-ақ тұр. Жамаш әжей барынша сабырмен жауап беріп, ұрысқа жақын еместігін білдірді. Ал Жүзімай – тілі тым ашшы, Жамаш әжеймен ұрсысуға дайын тұрған, ашушаң, дөрекі адам екендігі байқалады. Мұндай типтегі адамдар өмірде де жиі кездеседі. Егер автордың бізге ұсынып отырған диалогындағы сөздерді ескере отырып талдар болсақ, Жүзімайдың мұндай сөздерді айтуына да тіршілік қымқуыты әсер еткен деп ұғындық. Әрине, автор бізге Жүзімайдың толық өмірін баяндап, көрсетіп кетпейді, бірақ, кейіпкердің «Мұндай ұл тапқанша, осылай құбас болып өткенім артық» деген сөздері оның отбасылы әйел болса да, балаларының жоқтығын білдіреді. Бәлкім, тағдырдың мұндай жазуы оның осындай адам болуына түрткі болған болар. Біз кейіпкерді ақтамаймыз, тек оның жан-дүниесіне үңіліп көрген дұрыс деп ұқтық.

ТАЛҚЫЛАУ

Шығармадағы мына бір тұс: «Түн. Күздің қара қошқыл қою түні. Жауынның алғашқы тамшылары терезені бір-екі шертіп баяулап тұрды да, сәлден соң бар екпінімен сіркіреп ала жөнелді. Жел тұрды. Желмен желіккен нөсер терезені сабалап жатыр [11, 28]» ауыл арасындағы өсек-аяңның етек жаюымен байланысты іспеттес. Түнді ауылмен байланыстырсақ, жауынның алғашқыда баяулап терезені соғуы сол ауыл тұрғындарының өсектерінің бастапқы баяу қалпы, енді ғана жайыла бастауының Зияш пен Жамаш әжейдің естісе де «жай өсек қой» деп аса мән бермеуі, ал кейін жауынның нөсерлеп, сіркіреп жаууы, жел тұрып, жауын тамшыларын одан әрі күшейте түсіп, терезені сабалауы қос жанның жанына салған ауыр сөзді жаралар сияқты. Ауыл арасында бір емес, бәрінің аузында жүрген бұл сөздер келін мен ененің жүрек түптеріне қатты тигенін автор осылайша жеткізеді.

«Күн жексенбі. Бейуақ. Кешегі жауған алғашқы көбік қар күні бойы сабынша көпіріп, жердің миы шығып кеткен де, түс ауа қатайып, тоңазып қалған. Далада су тоңдырар аяз. Үй іші жылы [11]» Ендігі бір мына суреттеу де повесть желісіндегі оқиғаның ағынын көрсетеді. Автордың «бейуақты» алуында да бір гәп бардай.

Бейуақ - уақыт, мезгіл. Күн қызарып батып, қараңғы түн әлі түсе қоймаған өліара шақ. Оны басқаша күнмен түн таласқан шақ, екі кештің арасы, апақ-сапақ, қызыл іңір, ымырт деп те атайды. Қазақ ұғымында бейуақ қолайсыз мезгіл [12, 6]. Бұл уақытта Зияш Манастың альбомдарын қарап отырып, оны есіне алып еді. Өткеннің тәтті елестері оны елітіп әкетіп еді сол шаққа. Зияштың суреттерді қарап отыруы оның кеудесіне жұдырықтай бір нәрсенің түйіліп, өзегін бұрап, алқымынан алды, жанын ауыртты. Неге автор «талтүс, таң, кеш, я түнді» алмайды?! Мәселе автордың уақыт арқылы көңілді, жүректегі сезімді жеткізгісі келуінде. Ары қарайғы кешегі жауған қардың суреттелуі ауылдағы әңгіменің сабынша көпіріп, жердің миы шыққандай, күзгі қардан кейінгі айналаның батпақталып кетуі сияқты көңілдерінде таңба қалдырып кетті. Даланың су тоңдырар аяз екендігі сыртқы сөздердің күшінің ызғарлығы, ал үй ішінің жылы болуы келін мен ененің, отбасының әлі де болса оқиғаның ондай еместігіне сенімі, бір бірін сыйлауы, отбасының айран ұйып отырған ұйытқысы деп түсінуге болады. Бұл отбасындағы қолдау, отбасындағы сенім.

Бәрінің де Зияшқа аянышпен қарауы оның ішкі дүниесін қопарды. «Шынымен дәрменсіз, шынымен мүгедек болғаным ба? [12, 9]», – деп өзінің ішкі мүгедектігіне күйінді. Манастың бұл қылығы Зияштың ішкі дүниесінің бір асыл дүниесін жұлып алғандай. Санадағы бұл сұрақ кейіпкер психологиясына деген Манастың ісінен тұған. Бір ғана сұрақ, бірақ, қаншама мұң, қаншама толғаныс жатыр астарында.

Ендігі бір психологиялық көріністер Зияштың Манастың салған суреттерін қарап отырып өткенді еске түсіріп, суретті салғандағы оқиғаларды ойлап, ой елегінен өткізуінде жатыр.

«Ымыртта». Манастың Зияш екеуі Шолақтың басындағы жайлауға келіп демалған кезде салған суреті. Табиғат көрінісін қанша әсем салса да, Манас өз суретіне қанағаттанбаған еді. «Эскиздің аты эскиз ғой, Зияш. Мына табиғаттың мұншама құдіретін тек қана қарындашпен жеткізуге болмайды. Бұған үлкен полотно керек. Сонау бетті көрдің бе? Міне, мына құдірет сондай полотноға ғана сыюы мүмкін. Бар бояудың түсін сонда ғана мейлінше пайдаланасың, – деп, сайдың оң жағындағы балауса жамылған жазық бетті нұсқап еді. Дүние-ай, сол сәттер қандай тәтті, қандай қуанышты еді!.. [12, 12]», – деген сөздері соған дәлел. Осы бір кезде Манас өзі түйініп, сезінген дүниелерді Зияштың да аңғаруын қалайтын еді. Сол кездері ғашық болған бұл жандар сарқыраманың жанында ұзақ отырушы еді. Әрине, ол кездегі күй тым бөлек қой.

Манастың өз еңбектеріне сыни көзбен қарауы, өз жұмыстарына қанағаттанбауы оның әлде бір жоғары жаққа ұмтылғысы келетінін көрсеткендей. Ол өзінің жанын түсінетін жанды қалады. Бірақ, Манас Зияшты сүймеді деуге келмейді. Себебі, отбасылық өмірлерінде Зияш Манастың оғаш қылығын көрген емес, екеуі ұрсысып та көрмеген. Бәлкім, Манас өзінің жаңа музасын қаладан тапқан болар. Пенде қашан да пендешілігін жасайды емес пе?! Осы суретке

қайта оралайық. Суреттің «Ымыртта» деп аталуы сол кездегі жан тыныштығын атап тұр-ау. Тыныштық мүлгіген, күн мен түннің алпарысып жатқан аспанның қызғылт бояуға боялатын шағы Зияш пен Манас өміріндегі тыныш кезеңдер еді. Осы бір эскизді суретті қарап отырып Зияштың көңілінде сағыныш оты лаулады. Сарыуайымға салса да, сол бір сағыныштың қомағай құмарлығы оны елетіп бара жатты. Себебі, Манас – Зияш үшін өмір еді. Өмірінің бұл шағын ол асқақ сағынышпен еске алды. Бұл психологиялық күй кейіпкер ойын тұңғыыққа алып кетті. Оның сағынышы ымырт шақтағы табиғат пен тыныштықтың әсем көрінісі секілді еді. Осы бір суреттегі шақта Зияштың Мәлікке аяғы ауыр еді. Зияштың жеріктігі «рауғаш» еді. Автордың мұндай уақытқа әкелуі олардың отбасының толысқан шағын көрсетеді. Адам баласының отбасылы болғанындағы ең бір тәтті кезі бала күтіп жүрген шақтары емес пе?! Автор мұнысымен олардың қаншалықты бақытты жандар болғандығын көрсетеді.

Ендігі бір қарап отырған мына бір суреті «Махаббат» деп аталыпты. Неткен әсем атау десеңізші. Суретті көрмей тұрып, я автордың баяндауын оқымай тұрып ойыңызға әсем бір бейне келетіні анық. «Махаббат» деп аталса бәлкім қос ғашықтың суреті, бәлкім сан түрлі алқызыл бояуға толы бір бейнені елестетіп-ақ тастаған боларсыз. Бірақ, Манас салған «Махаббат» суреті мүлдем басқа кейіпте еді. Алғашында Зияш бұл суреттегі детальдарға мән бермеді де. Тек кейін ғана ұқты. Автордың айтуынша бұл суретті Манас оқуға кететін жылы салыпты.

Сурет сұлбасы былай жазылған: «Шамасы, күз-ау. Бір қиырдан бір қиырға кеткен күрең сары дала. Айналаны көмкерген асқар таулардың ұшар басының әр-әр жерінде боп-боз қар бар. Аулақта орман қарауытады. Иесіз дала. Айналасында ағаш емес, бұта да жоқ сол иесіз алқапта егіз екі терек өсіп тұр, жапырақтары сарғыш, бірақ әлі түспеген.

Аптап. Желсіз, тынық күні салған болуы керек, жапырақтар қимылсыз, салбырап тұр. Әлдеқайда алыста, даланың шаңын завод мұржасынан әлеметтене будақтаған түтіндей тік көтеріп құйын келеді. Тау жотасынан түңіліктей қара бұлт көрінді. Сірә, көп кешікпей дауыл тұрып, әлгі тыныштықты бұзады. Сонда орманнан үркіп кеп жалаң өңірге орналасқан мына егіз теректің тағдыры қалай болатыны әлі белгісіз. Онсыз да әзер тұрған мына сарғыш жапырақтарын тонап алып, екеуін де жалаңаштап кетуі мүмкін-ау... » [12, 15].

Суреттегі Манастың қорқыныш фантазиясын Зияш кештеу түсінді. Манас «Ымыртта» атты суреті кезінде де Зияштың оны түсінгенін, ол аңғарған дүниелердің оның да аңғарғанын қалап еді. Манас тіпті өзінің бірсөзінде жарына: «Әрбір бояу, Зияш, адам өмірінің сыры мен күйі. Қат-қабат сезімнің көрнекі құралы. Мысалы, мен өзім қызыл бояу - күрес, жасыл – жастық, қара бояу - қайғы, сары бояу - сағыныш деп ұғынам. Және осылай қолданам да» [12,21],- деп еді. Сары түске қанық бұл сурет Манастың сағынышы еді. Ол сағыныш Зияшқа ма, әлде махаббатқа деген сағынышы ма ол жағы беймәлім. Бәлкім бұл суретімен Манас жарына оған деген махаббаттың жетіспей жүргендігін айтқысы келген болар. Суреттегі сол бір дауылдың келерін Манас іштей сезді. Ал Зияш оны тек қазір ғана ұғынды. Иесіз даладағы сол бір екі ағашты Зияш махаббат символы деп түсінді. Сол бір махаббат символы болған қос теректі дауыл жақындаса сап-сары жапырақтарын ұшырып кетері анық. Бұл Манастың өз махаббаты Зияшқа деген сағынышын әлде бір алапат күштің сары жапырақтарды ұшырып алып кеткен желдей болытынын сезгендігі болар. Суреттегі қара бұлттың болуы «қайғының», құйынның болуы сары жапырақта төселген сағыныштың ұшып кететіндігі еді, ал асқар таулардың басындағы әр-әр жеріндегі боп-боз ақ қарлар жақсылыққа деген үміттің солғындау екендігін жеткізгендей. Манас – суретші. Ол жан-дүниесін суретімен жеткізеді. Осы бір суретті қарап отырған Зияштың көз алдына сол жапырақтары әрең тұрған қос теректі дауыл соғып, жапырақтарын ұшырып әкеткендей сезілді.

Ендігі бір тұста күнделікті айтылуындай-ақ айтылып жүрген Жамаш әжейдің сөзі Зияш үшін тым ауыр тиді. Манастың оқиғасынан кейін бір-бірімен әңгімелері жарасып жүрген ене мен келіннің арасы алыстай бастағандай, сол бір сыйластық, құрмет әлі де бар, бірақ Манастың ісін естіген сәттен бастап олар бір дастархан басында әңгіме де айта алмады, ортақ

тақырып та таппады. Қанша бір әңгімені іліп әкеткілері келсе де, әңгіме жарым белінде үзіле берді де қалды.

«Мәліктің ояңғанын бірінші аңғарған Зияш лып тұрып, орнынан алмақ болып еді, ол Зияшқа келе қоймай, қарсылық білдіріп, отырған әжесіне қарай талпына берді.

– Келмесең, қойдым, - деп Зияш қайта отырды. Жамаш әжей Мәлікті төсегінен көтеріп алды. Ол арсалаңдап, әжесіне шолжаңдай бастады.

– Балаға суық қарама, Зияшжан, - деп, әжей дастарқанға келді.

Әдетте мың қайтара айтылып жүрген енесінің бұл сөзі де Зияшқа дәл қазір мірдің оғындай қадалды. Осы сөздің арғы жағында «бала кінәлі емес, баладан мейірімінді үзбе!» деген бір қатал ескерту бардай көрінді оған. Солай деп сезінді де: «Әже, әже... мен сізге не айтам. Қалай деп түсіндірем сізге... Сіздегі аналық жүрек менде де бар. Әкесіз болар Мәлік, бірақ анасыз болмас», - деп іштей ғана түйініп, сап болды [12, 24].» Осы бір «бала кінәлі емес, баладан мейірімінді үзбе» деген сөздер Зияш үшін Манастың ісін еске қайта салғандай көрінді. Зияштың іштей баласы Мәліктің әкесіз болса да, анасыз қалмайтынын ойлағаны оның кекшіл адам еместігін, баласына деген мейірімінің жарының опасыздығы еш жоймайтындығын, аналық мөлдір судай таза махаббатына еш нәрсенің дақ түсіре алмайтындығын көрсетті. Жалпы автор шығармаларындағы ана рөлі ерекше сипатқа ие екенін айта кеткен жөн.

Манас ісінен кейін Зияш өзгелермен аса қатты араласпайтын болды. Кезінде біреу қонаққа шақырса, шақырған жерден қалмайтын. Ойын-сауықта, дастархан басында біраз отыратын да, жігіттердің от алып, оғаш қылықтары бастала салысымен үйге кетіп қалатын. Неткен көркем мінезді, ақылды жан десейші. Өз мөлшерін білгендей-ақ уақытылы кетіп қалады. Ал қазір ше? Біреу қонаққа шақырса зауқы соқпайтын болған. Бұл әрине орынды құбылыс. Үлкен, ақыл тоқтатқан жандардың ортасындағы қонақта бәрі де жұп-жұбымен, өз жарларымен келеді ғой. Бәлкім осы бір нәрсе оны қинайтын болар. Сылтау тауып, қонаққа барудан, отырыстардан қашатын, бармаудың амалын іздейтін.

Елге жайылған бұл әңгіме ене мен келіннің ғана емес, бүтін бір әулеттің де ойын сансаққа жүгіртті. Зияштың ата-анасы мен бауырына да ықпал етпей қоймады. Отын біткесін, амалдың жоғынан Зияш ата-анасының үйіне барған еді. Ата-ана жарықтық қайтсін, баласы үшін қолындағы барын береді емес пе?! Зияшқа есік алдындағы қарағайды теңдей екіге бөліп беріп өздерінің ата-аналық махаббаттарын көрсетті. Сол бір қарағайды жинап үйіне апарарда бауыры Зияшқа ауыр сөйлеп еді... «Бір жақтағы опасыздың үй ішін мен бөдіретіме алғаным жоқ. Өзімнің де бала-шағам бар. Тиме отынға! Мен сенің қолыңды байлап, басыңды матап бергенім жоқ, өз обалың өзіңе. Шешесі мен баласын аттандыр да, кел үйге [12].», – деген бауыр сөздері Зияшқа ауыр тиді. Бірақ, бауырдың аты бауыр ғой. Қанша ауыр айтса да, ол күйінгенінен, қарындасына Манастың опасыздық жасағанына ашуланғандықтан, Зияштың намысы мен өмірін ойлағандықтан айтты. Ашумен «отынға тиме» дегенінің түпкі ойы оның өз отбасына келсін деген ойында жатыр еді.

Бұл сөздерді естіген Зияш үйіне салы құрып қайтып еді. Сонда Манастың суретке салынған бейнесін көріп үнсіз іштей жылап еді. Сондағы ойы «Не үшін? Неге олай жасағандығын?» білу еді. Бірақ, ол бұл сұрақтың жауабын білмеді... Ол өзін кінәлағандай көрінді. Бауыры мен ата-анасының арқасында қиналып көрмеген Зияшты тағдыр алғаш рет осылай сынады. Ол өзін алғаш рет қорсынды. Енді өзін іске аспай қалған, керексіз затқа айналғандай сезінді. Өзін әйел емес, әбігерге салған, машақаты көп әурей секілдімін деп ойлады ол [12].

Жоқ! Зияш әурей емес еді. Періштедей сұлу да емес еді. Бойы ортадан сәл жоғарылау, шашы қара қоңыр, қалың да қайратты, соңғы кезде ептеп түсе бастаған, онша ұзын емес. Жүзі ақсары, мұрны сәл қоңқақтау, маңдайы жазық. Бір кездегі толықтау ажары бұл күнде сәл солғын тартқан. Там-тұм дөнестеу келген қабағының астында түпсіз, терең, тұңғиық көл жатқандай. Қара да емес, оншама қоңыр да емес, мөлдіреген қос жанарының екі шеті сәл-пәл қиықтау, отыққан қозының көзіндей түп-тұнық. Я мұң, я терең бір сыр екені белгісіз... [12]. Зияштың бұл портреті оның тек сырт келбетін ғана емес, ішкі күйін де бейнеледі. Ішкі

толғаныстар, мұң мен қайғылы ойды ішінде сақтау оны ажарынан белгі бере бастады. Жүзі солғындалып, қос жанарының тұңғыық түбінде бір мұңның бары сезіледі. Мұның бәрі де Манастың кесірінен емес пе?! Сол бір еркек емес, ездің (оқырман үшін солай болар, ақтап алуға қанша тырыссаң да) мұндай бір ісі осыншама қиындыққа, азапқа лайықты ма? Сүйіп қосқан келіншегі мен анасы, одан қала берді ұрпағының жалғасы Мәлік бұған лайық па еді? Кейін бұл істің өз баласының бетіне таңба болады деп ойлады ма екен ол? Қайдам... Санасына кірмеген де болар. Мұндай күйеудің барынан жоғы.

Бәлкім Манастың орнында Әшір болғанда Зияш бұлай өзін қор сезінбеуші ме еді... Оқиғадағы Әшір де Зияшқа ғашық еді ғой. Тек өзінің сезімін ашып білдіре алмады, оның алдын Манас орап кетті. Манас пен Зияш бірін-бірі жақсы көрді. Ол оның жадында талай жақсы естеліктерді де қалдырды. Ал Әшір өткеннің елесінде қалған сезім отын әлі де ұмыта қоймады. Әйтпесе, бастапқыда уақыты жоқтығымен ақталып, кейін түн жарымында оларға отын алып келмес еді ғой. Бәлкім сіз бұны жай сыйластық дерсіз, бірақ мұның астарында одан да терең, одан да ұлы күш жатыр. Біріншісі, Зияшқа деген махаббаты, екіншісі, адамдық адамдықпен қайтарым жасау керектігі.

Әкесі мен шешесінен айырылған досының баласын Зияштың ата-аналары бағып-қақты. «Мақұлдан» өзге ешнәрсе айтпай, айтқанды істеп жүре беретін, «Мақұлбек» атанып кеткен сол бір баланың Зияшқа деген сезімі бар еді. ...Әр жүректің өз құпиясы бар. Әшір Зияшты бала шағынан сүйетін. Онысын тірі пендеге айтпаған. Оның қанына ана сүтімен бірге біткен әдептілік тұсаған оны. Ата-анасындай болған Зияштың әке-шешесінің адал дастарқанынан аттағысы келмеген. Тұнық адал махаббат сезімін жалған туыстықпен тұншықтырған да қойған.

Зілдей төзімділікпен сәтті бір уақытты күтіп жүргенде, ортаға Манас килігіп, оның сыбағасын төгіп кеткен-ді. Бітеу жараның аузы солай ашылмай қалған-ды [12,25]. Әшірдің осы бір болмысы оны махаббатынан айырды. Ол кезде екеуі де бойжеткен мен бозбала еді, Зияш та ата-анасынан Әшірден айырылғылары келмейтінін естіп, оның алдында абайлап сөйлеуге көшіп еді. Зияш та бұл некеге қарсы емес еді. Тек Әшір өз сезімін білдіре алмады. Ол жағы бәріне де жұмбақ болды да қалды.

Әшірдің ойына сүңгір болсақ, ондағы сезімнің отын әдептіліктің басқанын көреміз. Мұндай құбылыстар адам болмысында кездесіп тұрады. Бұл жүрек қалауынан бұрын, ақылға салу еді.

Бірақ, Манас бақытты емес еді. Себебі, оның ойында Зияштың ата-анасы тарапынан көрсетілген адалдыққа құралған бағып-қағу ол үшін жетімге деген аяушылық сияқты еді. Ол оларға шексіз рахмет айтар еді, тек өзіне деген аяушылық сезімі бардай көрінетін оған. Сол үшін Әшір өмірінде қарық болып қуанбады да. Әшірдің жан-дүниесі осындай еді. Момын, ақылды, қайратты, шынайы сүйген жан. Сүйді, бірақ, қосылмады. Сөйтті де, Нұрышқа үйлені. Үйлену, отбасы құру деген адам баласы үшін бақыт емес пе?! Жо-жоқ. Басқалар үшін бәлкім солай шығар. Тек Әшір үшін емес. Ол сонда да бақытты болмады. Сол бір кездегі ыза оны Нұрышқа әкеп ұрындырды. Нұрыш екеуі екі бөлек адамдар еді. Бір баласымен Әшірге келген Нұрыш қайтсе де оны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауды ойлады. Оның түсінігінде ол Әшірдің қанатынан пана тапты, енді одан айырылмау керек болды. Ал Әшір ойында сонда да Зияш еді. Ол Зияш оны сөзсіз-ақ түсінеді деп ұқты. Бірақ, қыз баласы ер жігіттің ырқына бірден құлай кетпейді ғой. Қыздың болмысы сол емес пе?! Қыз баласы қанша ұнатып тұрса да, жігіттің сезімін бірінші білдіруін, оған назар аударуын күтеді. Тек Әшір оның байыбына бара алмады.

Уақыт өтсе де, Зияшқа деген Әшірдің сезімі әлі бар еді. Ұмыт бола бастағандай көрініп еді. Тек Манастан кейінгі жайт оның ойына сол кездегі сезімін еске түсірді. Егер сезімі болмаса Зияшқа қалай отын алып келіп бергенін сезбей қалмайтын еді ғой. Жасырын махаббаты оның ырқына көнбей, еріксіз мойынсұтқан. Бұл сезім естеліктерінің әсері. Адам психологиясына әсер етуші бірден бір фактор ол – махаббат. Оның баянды болуы, я болмауы ары қарайғы адам өмірін түбегейлі өзгертпек.

Махаббат, сезім – адам ойын, психологиясын улайтын дүниелер. Мереке күні зияштың ойына тағы да Манас түсті. Өзіне опасыздық жасағанын біле тұра оны тағы да еске түсірді. Оның ойында ««Дәл қазір Манас не күйде екен?.. Жаңа жарымен бірге парадта тур ма екен әлде?.. Бұршақтай әппақ тістерін көрсете күліп, нәрестесін биікке көтеріп, мүмкін, парадтан өтіп бара ма? Күлкісі... Күлкісін қалай ұмытам... Сондай да тұнық сондай да сиқырлы күлкі болады екен адамда. Күлкісі... Сол күлкі шынымен жат болғаны ма, мәңгіге жоғалғаны ма енді?!»

Зияштың іші өртеніп кетті. **«Өлсем бе екен...»** деген бір ой оның туда бойын жай оғындай осып бір өтті де, өз ойынан өзі шошып, қарғып тұрды. Жаман ойдан құтылғысы келді. Бәрін, бәрін де ұмытуға тырысты. Үстелде жатқан шілтерін алып, сүйріктей саусақтарын сыпылдатып, апыл-ғұпыл іле тарта бастады. Сәлден соң назары басқа жаққа сәл ауды да, ісін жалғай берді [12].» Адам баласы ұнататын жанды жиі ойлайды емес пе?! Бірақ, бұл жолғы кейіпкердің ойлары ауыр болды. Өзінің адамың деп санап жүрген жанның өзгемен қуанып жүргенін сезіну Зияш үшін тым ауыр еді. «Өлсем бе екен...» деген кенеттен туған ой оның өзін шошытты. Бір сәттік бұл ой – ғашықтықтан күйгеннің әсері.

Келесі бір кейіпкер оқырманның жан толғанысына, адамдарды қалай қабылдауына байланысты ұнамды, я ұнамсыз болып көрінуі мүмкін. Бәрі де сіздің ой еншіңізде. Бұл кейіпкерді жақсы көресіз бе, әлде жоқ па шешетін сіз. Біз үшін бұл кейіпкер жақсы мен жаманның ортасында тұрған жан. Оның бір ісі кері жағын көрсетсе, бір тұсы жақсы жағын көрсетеді. Бұл кейіпкер – Дариға. Ол да – мұғалім. Автордың ұстаздық жолда жүрген жанның да өмірде қателесетін кездері болатынын көрсетуі ерекше есте қалды. Біздің санамызда ұстаз деген тек білімімен ғана емес, ісі мен көрегендігі, парасаттылығы мен ұстанымдары мығым жан ретінде қалыптасқан. Ал Мұқағалидің бұл кейіпкері сәл өзгешелеу. Ол соңында өз қателігін түсінеді және сол қателіктерін түзеп, жаңа адам болмайынша ұстаздық жолда әзірше қызмет етпеуді жөн көреді. Жоғарыдан бері айтып отырған тақырыбымыз «сезім» жайлы. Дариғаның «махаббатқа» келгенде ұстанымдары басқа еді. Өзін сүйетін жанға қосылғанымен оның ойы «любовниктерде» еді. Ол үшін жарына қарағанда, бөтен біреулер ыстық болды. Күйеуі оны өзгемен көрген соң өзі шыдамай кетіп қалып еді. Бұл естеліктерін ол Зияшқа айтып еді. Дариға өмірді жеңіл қабылдайтын. Ауыл мектебінде орыс тілінен сабақ беретін. Ішуді жақсы көретін. Бірақ, ешкімге жамандық ойламайтын. Оның ағаттығы өткенінде еді. Өткен өтті... Қайтып келмес. Бұл кейіпкердің психологиясына зер салу өте қызық. Оның ойы өзгелерден бөлек еді. Ерекше еді. Әйел заты үшін қалыпты логика – сүйгенінді табу және онымен өлім айырғанша бірге болу. Бірақ, Дариға үшін емес. Әдетте біз үшін мұндай типтегі кейіпкерлер жағымсыз әсер қалдыратын. Тек бұл жолы екі ойлы болдық та қалдық. Сол үшін оның қандай кейіпкер екендігін шешуді сіздің еркіңізге қалдырдық. Повестті оқып отырып Дариғаға қатысты кейбір тұстарды да ескеріңіз. Дариға үнемі күліп жүреді. Қайғы болса да, оны біреу сөксе де, біреуі жақтырмаса да. Бейне бір ол қайғысын күлкісімен жасырғысы келетіндей. Бірде Зияшқа өзінің тым бақытсыз екенін айтып еді ол. Оның бақытсыздығы – жалғыздығы. Ол жападан жалғыз еді. Зияштың күйеуі опасыздық жасаса да, оның бауыр еті баласы, ата-анасы мен бауыры, анасындай болып кеткен енесі бар еді. Ол соған қызығатын. Өзгенің бақытындай бақыт аңсау бәрімізге тән ғой. Бірақ, оның өзін бақытсызбын деп есептеуі өзінің кесірінен ғой... Ол оны кейін ғана түсінді.

Нұрыш есімді кейіпкердің де жан-дүниесі мен қорқыныштарының себептерін түсінуге болады. Жағымсыз кейіпкер деп топ етіп айта салуға да болады, бірақ, ол да өз өмірі, тіршілігі үшін қолынан келгенін істеп бағуда. Өмір деген – күресу. Бірақ, Нұрыш аңдамай сөйлейді. Бірде Әшірдің Зияш үйінен атау керені сұрап келіп еді, тіпті бірге отырып ішуге де қыстап қоймаған. Әйел заты ақылды ғой қашан да. Зияштың ақылын айту енді тіптен керек болмас. Атау керені ішерді Әшірге «Сен еркексің ғой алып қой» деп тұрып, ақ құйылған ыдысты бос ыдысқа алмастырып қойып еді. Әйел адамның құлығын қалай іске асырғанын қарасаңызшы. Бірақ Әшір сол кезде қатты мас болған, мас болды да Зияшты сүйетінін айтып, Манастың суретін нұқып қатты ашуға беріліп еді. Ерін үйіне алып кетсін деген ниетпен

Нұрышты шақырып келген Зияш одан сөз естіп қалды. Зияшты өзгенің отбасын ойрандайтын ойың бар деп кінә тағып, сайқалға теңеп еді, әжей ортаға араша түсейін деп еді ол кісіге де зекіп сөйлеп, үлкен жасымен ортада жеңгетай болып жүрсіз деп айып тағып еді. Тым ауыр сөздер. Кімге де болса мұндай сөздердің ұнамасы анық. Екі жанның намысы жерге тапталды. Оған кінәлі – Манас. Нұрыш Зияштың Әшірдің бұрынғы махаббаты екендігін білген соң оған тым суық қарайтын. Әшірден айырылып қалам ба деп қорқатын. Зияштың да ауылдан бір оқиғадан кейін кеткен себебі де осы еді. Әшірдің отбасында сызаттың болғанын қаламады. Сол үшін де кетті.

Повестіміздің басты кейіпкері Зияш болған соң оның өмірінде болып жатқан ерекше сәттерді қарастыру міндетіміз. Сондай бір маңызды сәт Манастан келген хат еді.

«Зияшқа әже хатты бірден ұсына қоймады. Ол әбден жайғасып, шешініп, шәй әзір боп дастарқанға отырғанда ғана:

– Зияшжан, қуантайын ба сені? – деді абайлап.

– Қуантыңыз, әже. Сүйінші берем, – деп ол да сабырмен үн қатты.

Әжей хатты берді. Таныс жазуды көргенде, Зияш бір сәт конвертті ашуға батпай, бір бозарып, бір қызарып, жүрегі қалыптағыдан бетер ойнақтап сала берді. Конверт сыртындағы әрбір сөз экрандағыдай бір өшіп, бір жанып тұрған тәрізденді оған. Жыртпай, ұқыптап ашып, хатты алды. Бір-ақ парақ екен, бір бетінің біраз жері ғана жазылыпты.

Әжей «дауыстап оқыр ма екен» дегендей, демін ішіне алып күтіп отыр. Бірақ Зияш дауыстамады, көзін жүгіртіп өтті. Оның хат ұстаған қолы сәл дірілдеді де, хат үстелге түсіп кетті. Зияшта үн жоқ белгілі бір нүктеден көзін алмай, мелшиіп отырып қалды. Бір сұмдықтың болғанын Жамай әжей де сезді, бірақ сұрауға батпай, кимешегінің алқымын умаждай берді.

Біраз үнсіздіктен кейін Зияш хатты қайта алды:

– Тынданыз, – деді. Зияштың мұншама суық мұншама маңыздана қалған үнін, немқұрайды салқындығын бұрып естімеген әжей дір ете қалды. Хатта: «Тағдыр осылай болды, Зияш. Бар айып менде, бақытты бол.. Менің арым былғанды, алдыға баруға бетім шыдамады. Енді ғана түсіндім, екеуміздің жолымыз екі дай екен... Үйленбеске болмады, бала бар. Қалай айыптап, қандай жаза қолдансаң, өз қолыңда. Тек киген киімін бер де, апамды жібер, жолына ақша салдым. Хош, бақытты бол, Зияш. Мен үшін Мәлікті сүй... Манас», – депті [12, 31]».

Қуанышы су сепкендей басылды да қалды. Зияш Манастан үмітін үзбеп еді. Енді бұл жағдай екеуінің де көзін ашты. Осы бір хатты ашып оқудың өзі қиынға соқты. Үміт ақталмады. Мұндай хабар ененің де, келіннің де жанына қаяу салды. Осы тұста тағы бір ерекше психология – ананың баласына кетпеуі. Жамаш әжей келіні мен немересін еш тастамайтынын, ешқайда кетпейтінін үзілді кесілді айтты. «...Ал Зияш мүлде бөлек кейіпте. Өлгі бір әзірдегі жан толқынының қайда кеткені белгісіз. Ойсыз мүлде. Ауыр дертінен айығып, ауыр науқастан тұрғандай түсініксіз бір халде. Тіпті бұрын өмір сүрген-сүрмегені белгісіз, айналасының бәрі бөтен, бәрі жат, өзге бір дүние. Бұл өмірдің қызық-қызғылығының бәрін басынан өткеріп, шаутартқан, тоқ]мейіл көксе адамдай, төңірегіндегі і қимыл-харекетінің бәріне салғырт, салқын қарайды. Ағыл-тегіл ақтарылған мынау ақ самайлы Ана, бұта қоралаған торғайдай әжесінің бауырына тығылған анау сәби – бірі де тартпайды оны, тебіrentпейді, ал жалғанның жарығында Манас деген біреу болды ма, жоқ па, ол жағы да белгісіз. Бәрі алыс, бәрі сүреңсіз бірдемелер [22]».

Біраз уақыттар өткен соң әжей баласына хат жаздырмақ болып бір оқушы баланы шақыртып жаздыртады. Жылап отырып жазылған бұл хатта ана біресе баласының ісіне назын айтып, қарғады, біресе ұяңды бұзба деп ақыл атты. Мұны көріп қалған Зияш оқушы баланың қолындағы хатты алып, кателерін түзеп «2» деді. Бұл – оқушының қатесін түзеу емес еді, бұл – өз қайғы-мұңын осылайша жасыру еді. Осы бір оқиғаға қарамастан ене мен келіннің арасы суымады. Олар бұрынғыша жақсы қарым-қатынаста қалды.

«Қарлығаш» қашан да қазақ үшін киелі құс қой. Бірде оқиға желісі бойынша Жамаш әжейдің үйіне ұя салған қос қарлығаш ұшып дамыл таппап еді, Зияшқа әжей көріп келуін

өтініп еді, барса сұм мысық қарлығаштың ұясын құлатып, балапандарын жеп, өз дегеніне жетіпті. Сөйтіп, қос қарлығаш бір мезетте аспанға зулап ұшып жоқ болыпты.

Сол кезде ұшып жүрген бір қарлығаштың қанаты әженің көзіне тисе керек. Әжей қатты ауыра бастады. Ей, өлім деген аяқ асты ғой. Аяқ-қолы жансыздана бастады. Жамаш әжей де өзінің бақилық болатынын іштей сезді. Манасты күтті. Ана жүрегі қашан да баласын іздеп тұрады емес пе?! Бірақ, оны таппады, таппады да о дүниелік болып кетті. Жұрт Манас келіп қалар деп мәйітті бір күн жерлемеді. Бірақ, өкінішті-ақ баласы анасын соңғы сапарына шығарып сала алмады. Ол келгенде Манасқа деген жұрттың көзқарасы тым басқаша, суық еді. Көңіл айтқан ешкім жоқ. Оның жазасы да осы еді. Автор оны ісі үшін осылай жазалады, жо-жоқ автор емес өмір солай шешті. Зияштың Манасқа деген сезімін «Ана өлімі» біржолата суытты. Анасындай болған жанның қазасы екеуінің арасын ендігі тұрғыда Зияш үшін тым алшақтатты. Зияш анасы жаздырған хатты Манасқа ұсынды да, оны босатты.

Сөйтіп, кезінде махаббатқа құралған оқиға осылайша аяқталды. Зияш ауылдан көшті. Оған себеп Манас емес, Әшір еді. Әйелдің күйін әйел ғана түсінер. Нұрышпен сөйлескен соң Зияш ата-анасын, бауырын, туған ауылын, ұжымын тастап басқа жаққа көшіп кетті. Кетерінде ең соңғы рет қыр басындағы қабірге қарап әжесімен қоштасып еді. Әшірді жолдан көргенде де оған әйелі мен баласына жақсы қарасын деп ақылын айтты да қоштасты. Неткен батырлық, неткен адамгершілік. Автордың «Қос қарлығаш» дегені Әшір мен Зияш па, әлде Манас пен Зияш па белгісіз. Әркім өзінше ой түйер. Бірақ, қорытынды бір: қарлығаштың бір сыңары ешкімге де қосыла алмады. Ұясын тастап, мәңгіге ұшты да кетті!

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұқағали Мақатаев өз прозасында алдағы болар оқиғаға көптеген астарлы нұсқаулар қалдырған. Кейіпкер күйін іс-әрекеті, сөйлеген сөздері, портреті арқылы жеткізген. Әңгімедегі психологизмге қатысты барлық детальдарды қарастыру біз үшін маңызды болды. Қаламгердің кейіпкерлері сан-түрлі. Олардың өмірге деген көзқарастары, сөз саптаулары, қиындық туғандағы іс-әрекеттері бәрі-бәрі әртүрлі екендігі айқындалды.

Қос прозадағы «әйел» психологиясы

№	Проза атауы	Кейіпкер	Психологиясы, яки жан-дүниесі
1	«Құлпытас»	Кәмшат	Бала-шағасының қамын ойлайтын, қалаға көшкелі ашушаң, ашуын күйеуінен алатын әйел заты. Ол күйеуін түсінуге тырыспайды, қолдау көрсетпейді. Темпераментке қатысты холерик пен меланхоликтің кейбір болмыстарына ие. Холерик – ашуға тез берілгіштігі, меланхолик – әлсіздеу, өзгерістерді қаламауы.
2	«Қос қарлығаш»	Зияш	Автор кейіпкерлерінің ішіндегі ең ерекше суреттелген кейіпкер. Ол өзінің ұстамдығымен, байсалдылығымен, ақылдылығымен, нәзіктігімен (әйел заты ретіндегі), батырлығымен ерекшеленді. Бойында флегматик пен сангвиниктің қасиеттері басым.
3	«Қос қарлығаш»	Дариға	Әдемілікті сүйетін әйел заты. Көңіл көтергенді ұнататын жан. Мұндай типтегі әйелдер (әсіресе тұрмыс құрған) сирек кездеседі. Қазақ санасында да, қазақ әдебиетінің сахнасында да. Негізінен әдебиетімізде әйел затын ақылды, парасатты етіп көрсету басымдық алған. Дариғаның болмысынан сангвиниктің көңіл-күйге, өмірге деген көзқарастарға қатысты кейбір тұстарды байқауға

			болады.
4	«Қос қарлығаш»	Нұрыш	Тіршілік үшін күресіп жүрген жан. Ашушаң, дөрекі, бірақ, мұндағы мақсат қанатының астына алған жаннан айрылып қалмау. Сөздері тым ауыр. Холериктің аталған қасиеттерін бойынан кездестіруімзге болады. Зияшқа өтініш айтып, кешірім сұрап Әшірдің өзімен қалуын өтінеді. Бәлкім, бұл – шарасыздық.

Жалпы жан-дүниелері, тағдырлары бөлек төрт жан да әйел болмысын жан-жақты көрсетіп тұр. Автор өз кейіпкерлері арқылы адам баласының, біздің кезекте әйел затының, әртүрлі болатынын көрсете білген. Автор суреттеген кез келген кейіпкер шынайы өмірде де кездесіп тұрады. Жоғарыда психологизмнің реализмге апарар дол екендігін айтқан болатынбыз. Осы бір кейіпкер жанына үңілулер мен біздің көз алдымызда пайда болған оқиға желісі, санамыздағы қорытынды ойлар соған дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
- 2 Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2004. – 13 б.
- 3 Әуезов М. Анкетаға жауап//Жұлдыз, №10. 1991. – 12 б.
- 4 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- 5 <https://bilim-all.kz/article/8529-Qulpytas>
- 6 Қазақстан энциклопедиясы, VI-том
- 7 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 б.
- 8 <https://bilim-all.kz/esimder/all?sort=value&page=11&per-page=100>
- 9 <https://bilim-all.kz/article/9005-Qos-qarlygash>
- 10 <https://kk.bookmate.com/reader/NXaRkiz7?resource=book>
- 11 Қалиев Ғ., Бизақов С., Нақысбеков О және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы, 2011. 2-том. – А – Б. – 744 б.
- 12 Мақатаев М. Аққудың қанатына жазылған жыр /Өлеңдер, поэмалар, аудармалар/. – Алматы: Шартап, 2001. – 352 б.

Материал 10.12.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Maytanov B. The spiritual world of the hero. – Almaty: Writer, 1987. – 232 p.
2. Piralieva G. Problems of psychology in modern Kazakh prose. Abstract. - Almaty, 2004. – 13 p.
- 3 Auezov M. Answer to the questionnaire // Star, No. 10. 1991. – 12 p.
- 4 Maytanov B. Kazakh novel and psychological analysis. Educational tool. – Almaty: Sanat, 1996. - 336 p.
- 5 <https://bilim-all.kz/article/8529-Qulpytas>
- 6 Encyclopedia of Kazakhstan, volume VI
- 7 Biekenov K., Sadyrova M. Explanatory dictionary of sociology. – Almaty: Dictionary-Slovar, 2007. – 344 p.
- 8 <https://bilim-all.kz/esimder/all?sort=value&page=11&per-page=100>
- 9 <https://bilim-all.kz/article/9005-Qos-qarlygash>
- 10 <https://kk.bookmate.com/reader/NXaRkiz7?resource=book>

11 Kaliyev G., Bizakov S., Nakysbekov O and others. Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 2. - Almaty, 2011. Volume 2. – A - B. – 744 p.

12 Makataev M. Song written on the wings of a swan /Poems, poems, translations/. – Almaty: Shartarap, 2001. – 352 p.

Литературный психологизм в произведениях Мукагали Макатаева

Г.С. Бөкен

Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье представлена проза видного представителя казахской литературы Мукагали Макатаева. В произведении рассматриваются бытие героев, мысль автора, проблема психологизма, а также теоретические размышления в научно-исследовательских работах на тему психологизма. В целом в казахской литературе встречается большое количество произведений на тему «женской сущности». Поэтому в статье акцент делается на своеобразной манере изложения писателя описывать «психологию женщины». Кроме того, проблема психологизма в произведениях автора была дифференцирована на основе поступков своих героев, подход писателя к общественной формации. Каждый персонаж автора раскрывается через сюжетную линию.

Ключевые слова: психологизм, характер, портрет, действие, мотив, фрустрация

Материал поступил в редакцию журнала 10.12.2022

Literary psychologism in the works of Mukagali Makatayev

G.S. Boken

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article presents the prose of a prominent representative of Kazakh literature, Mukagali Makatayev. The work examines lives of heroes, the author's thoughts, and the problem of psychologism. It also analyzes theoretical researches on the subject of psychologism. In general, a large number of works on the theme of "female essence" are found in Kazakh literature. Therefore, the article focuses on the writer's peculiar way of describing "psychology of a woman". In addition, the problem of psychologism in the author's works was differentiated on the basis of his heroes deeds and the writer's approach to social formation. Each character of the author is revealed through a certain storyline.

Key words: psychologism, character, portrait, action, motive, frustration.

Received: 10.12.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp45-52

А.Д. Боханова¹, Г.С. Бөкен¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰСТАЗ ОБРАЗЫ

Ұсынылған мақалада қазақ және әлем әдебиетіндегі ұстаз бейнесі сипатталған. Мақалада ұстаз ұғымы және оның қоғамдағы рөлі жайлы қазақ ғұламалары мен әлем ойшылдарының шығармаларын талдай отырып, мәні түсініледі. Сондай-ақ бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін атап өткен жөн, себебі өскелең ұрпақты